

Ш. Дәрмағамбетов



# Менің замандасстарым





ШӘКІЗАТ ДӘРМАҒАМБЕТОВ

МЕНІҢ  
ЗАМАНДАСТАРЫМ

(Очерктер жинағы)

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ  
Алматы—1967

Каз 2

Д 20

Журналист Шәкізат Дәрмағамбетовтың «Менің замандастарым» деп аталатын бұл очерктер жинағы заманымыздың алдыңғы қатарлы адамдарының өмірі мен ерлік еңбегіне арналған.

Бұл жинақта республикамыздың озат шопандарының, жылқышыларының, темір жолшыларының және Арал теңізі балықшыларының еңбектегі ерлік істері жайында баяндалады.

1—5—4

98—БЗ—67



## ӨМІР СУРЕТТЕРІ

Айтмұқан армиядан келгенде үйі өзі кеткен кездегі Ой өзенінің ық беткейінде отыр еді. Бұл уақыт шопандардың бел шешпей еңбек етіп, күйек алып жатқан қарбалас кезеңі болатын. Әкесі Жантелі ақсақал мен шешесі Оңдасын қария баласының есен-сау келгеніне және мына қауырт жұмысқа көмектесетініне қуанып қалды. Әке ойында, қапелімде ана көңілі байқай қоймаған тағы бір сезім бар еді.

— Кемпір байқадың ба, маған Айтмұқан кеткендегі кезден едәуір өсіп, толысқан сияқты,— деді.

— Е, қойшы қайдағыны айтпай. Адамның өз көзі өзіне жаман, деген емес пе!— деп Оңдасын шеше шалының сөзін жақтырмай қалды.

Айтмұқан келгенде алты жүзден астам саулықтың жартысынан көбісі әлі күйектен өткен жоқты. Ол демалмастан іске кірісті. Бұл жұмыстан жас кезінен хабары бар Айтмұқан әке қолын ұзартып, оны біраз тынықтырып тастады. Науқан белгіленген мерзімнен бұрын аяқталды. Арада екі-үш күн өткен соң-ақ Айтмұқан қой жаюға барғалы жатқан әкесімен бірге оянды.

— Әке бүгін тынығыңыз, қойды мен жайып келейін.

Әке мен шеше біріне бірі қарап «сен не айтасың бұған» дегендей аз-кем үнсіз отырды. Аздан соң Оңдасын ана шай құйған кесесін дастарқаннан көтере беріп:

— Бақса, бағып келсін, күн ашық қой,— деді.



Оған Жантелі ақсақал да қарсы болған жоқ. Айтмұқанға қойды қай бағытқа шығарып, қай кезде суаратынын айтты.

Баласы үйден шығысымен Жантелі ақсақал зайыбына дүрсе қоя берді:

— Сен жайыңа қарап неге отырмайсың осы, — деді ол ашуланып.

— Е, не болып қалды, қапелімде, — деді Оңдасын шалына тура қарамай.

— Менің қой баққаным да жетпей ме! Айтмұқан оқысын, білім алсын. Қойдан басқа да жұмыс көп.

— Немене, қой баққан адам кімнен кем екен? Байлық пен берекенің бәрі қойшы отының басында емес пе, бұл күнде! — деді Оңдасын ана да алған бетінен қайтпай.

— Сен нені айтып кеттің! Қойшы жарлы дедім бе мен саған! Оқып, білім алсын деп отырмын ғой мен, — деп Жәкең де беріспеді.

— Оқы, оқы деп, үш жыл сыртта жүріп келген баланы тағы үйден құмақсың ғой. Маған салсаң, не істесе де көз алдымда жүргені жақсы оның, — деді Оңдасын ана, жұмсара түсіп.

— Оқығанда Алатау асып кетер дейсің бе, демалыста келіп тұрмай ма?! — деп Жәкең де басылайын деді.

— Мейлі, — деді ана дастарқанды жиыстыра беріп, оқимын десе оқысын, қой бағам десе қой бақсын.

Зайыбының бұл сөзінен кейін Жантелі ақсақал ешнәрсе айтқан жоқ.

Айтмұқан отарды күн ұясына қонуға тұсау бойы қалғанда ауылға қарай беттетті. Жантелі ақсақал қойының жақсы жайылып қоңайғанына қуанып қалды. Бірақ, бірнәрсеге ренжігендей сыңайы бар. Ол үйде отырғанда да біразға дейін үн қатпады. Мұны сезген Айтмұқан:

— Әке, қойыңыз дұрыс жайылмап па, ренжіп отырған сияқтысыз ғой, — деді.

— Жоқ балам, олай емес, — деді Жантелі ақсақал, — шешең екеуміз сен туралы сөзге келіп, сол ойымнан кетпей отыр.

— Мен туралы ма? Ол қандай жай? — деп Айтмұқан әкесі мен шешесіне кезек қарады.



Жантелі ақсақал «сен баста» дегендей зайыбына қарады. Ол:

— Әкең сені оқуға жіберем деп отыр,— деді.

— Бұған сіз қалай қарайсыз, апа? Айтмұқан анасына қарады. Балам менің ойымнан шыққалы отыр деп ойлаған Жантелі ақсақал орнынан бір қозғалып қойды.

— Жұмыс істеп жүріп те оқуға болады емес пе? Менің айтқанымды орындасаң үйде болғаның дұрыс,— деді ана.

— Әке, сіз ше?

Айтмұқан енді әкесіне бұрылды. Жәкең зайыбына тура қарай отырып сөйледі.

— Балам, мына шешенді тыңдасаң, сені үйден шығарғысы келмейді. Көрерсің әлі, бір-екі айдан соң келін әпер деп басыңды қатырады. Менің ақылымды алсаң, жас кезінде оқып, бір мамандық алғаның жөн.

Бұған не айтасың, дегендей ол баласына бір көз тастап сөзін тоқтатты.

Айтмұқан қапелімде не айтарын білмеді. Әкені анаға, ананы әкеге жеңдіргісі жоқ. Екеуінікі де дұрыс сияқты. Бірақ, өмірге деген өз тұжырымы бар. Ол — ауылға келісімен әке отарын қабылдап қой бағу болатын. Оған әкесінің қарсы болатынын білген жоқ-ты. Енді, міне, тұйыққа тірелген тәрізді. Қой бағамын десе, әкесі отарын бере ме? Оқу үшін біраз дайындық керек. Осы жайларды ойлай отырып, ол бастапқы байлауына тоқтады.

— Екеуіңіздікі де дұрыс. Дегенмен менің қой баққаным мақұл болар. Сөйте жүріп, оныншы класты экстерні бітіремін де институтта сырттан оқимын.

Баласы өз ойынан шықпаған соң Жантелі ақсақал ашуға басты.

— Алпыс үшке келді, қартайды деп отырған шығарсың. Олай болса, саған беретін қойым жоқ, совхоздан ал да баға бер,— деді де есікті тарс жауып, шығып кетті.

Жантелі ақсақал қанша ренжігенмен көпке қарсы тұра алмады. Семьяда болған әңгіме ауыл басшыларына да жетті. Олар да Айтмұқанды қолдады. Сөйтіп январь айынан бастап Дүйсенбаев Жантелінің отары Жантелин Айтмұқанның атына жазылды. Ал Жәкең қарт Айтмұқанға жәрдемшілікке ауысты.



Сол жылы Ой өңірінде жаңбыр аз жауды да шөп шығымы нашар болды. Соның салдарынан әр отарға қажет шөптің жартысы ғана жеткізілді. Осыған орай шопандар шөпті қой төлдейтін жазғытұрғы кезеңге сақтап, отарды жайылымға шығарумен болды. Алайда қыс ортасы ауа оған мүмкіндік болмай қалды. Ұйытқи соққан боран мен сықырлаған аяз қойды қорадан шығармады. Қолға қараған отар шөпті шыдатар емес. Қойдың аш қалса көтерем болып, іш тастайтынын білетін Айтмұқан шөпті көбірек беріп жүрді. Мұны байқап жүрген Жантелі ақсақал:

— Балам қойдың шөпті мол жегені дұрыс. Бірақ, жерге көк шыққанша әлі екі айдай уақыт бар. Ал жем-шөп қой төлдеген кезде аса қажет. Үнемдеп бергенің дұрыс,— деп ескертті.

— Суық болып тұра берер дейсің бе, әке, күн жылынар,— деді Айтмұқан.

— Ондай болжамға сенудің қажеті жоқ, балам. Күн жылынып, қойды далаға жайсақ шөп келесі жылға қалады. Екіншіден, шөп қалдықтарын бір жерге жинап қою керек. Ашыққан кезде бірінің жүнін бірі жейтін қойға бұл да азық — деді Жәкең шөп сағдарын жиыстырып жүріп.

Әке ақылымен шөп есеппен жұмсалды. Февральдің соңғы он күндігінде оншақты қой әбден жүдеп, сүйеп тұрғызуды қажет етті. Жем талап етіп, ауру қойды көрсететін мал мамандарының бірі келер емес. Көрші отарлардың жағдайы қалай екен? Осы оймен Айтмұқан алты шақырым қашықтықта тұратын шопан Ә. Құлбатыровтың үйіне келді. Мұндағы жағдай тіпті нашар болып шықты. Үш қой шығын болған. Оннан астамы әбден жүдеген.

— Ауырып немесе арықтап өлгенін анықтайтын дәрігер, зоотехник келетін емес. Басқа шопандардың да жағдайы осындай. Не істерге білмей отырмыз,— деді Ә. Құлбатыров.

— Басшылар жылда осылай хабарсыз жата ма, жоқ биыл ғана ма?— деп сұрады Айтмұқан Құлбатыровтан.

— Бұрын ай сайын біреуі келіп, бас көрсетіп кетуші еді, енді оған да зар болдық емес пе, барайын десең мал қараусыз қалады,— деді Құлбатыров ренжіп.

Айтмұқан үйіне келісімен әкесіне:



— Әке бұлай отыра бергеніміз болмас. Көршілердің қойы өле бастапты. Алдын алмасақ, бізден де шығын болатын түрі бар. Орталыққа барып келейін,— деді.

— Осы қалың қарда қалай жетесің. Күн жылынар, не өздері келіп қалар,— деді Жантелі ақсақал.

— Жоқ, әке өзіңіз айтқандай болжамға сенгеніміз болмас,— деп Айтмұқан атын ерттеді.

Ол совхоз орталығына кеңсе жабылып қалған кезде жетті. Ешкімді таба алмады. Пochтадан аудан орталығына, партия комитетіне телефон соғып, барлық жайды баяндады. Секретарь совхоз басшыларының тез арада жем жеткізетініне уәде берді. Ертеңіне түстен кейін совхоздың құнарлы жем таратуға шыққан адамдары Айтмұқанға бір қап күнжара мен бір қап арпа беріп кетті. Ол оны алысымен екеуін араластырды да көтерем қойларға еркінше берді. Қойдың жемді құныға жегеніне қуанған Айтмұқан төсегіне көңілді жатты. Бірақ ертеңіне кешегі жем жеген қойдың екеуі өліп жатқанын көргенде не істерін білмеді.

— Қап,— деп өкінді анасы Оңдасын да,— мұндай қойға әкең жемді дәрігер мен зоотехникке көрсеткеннен кейін беруші еді. Оның да үйде болмағанын қарашы!

Анасының бұл сөзіне Айтмұқанға күзде әкесінің оқып білім ал, мамандық игер деген ақылы құлағына қосыла естіліп тұрғандай болды. Екі қойдың шығын болғанын өзінің білімі мен тәжірибесінің аздығынан көрді. Кенет ол өзі шопан болғаннан бері мал өсіру жөнінде жинаған кітаптарын аударыстыра бастады. Осы күннен бастап Айтмұқан қой бағуды ғылым және озат тәжірибе жетістіктерімен ұштастыра жүргізуге талаптанған еді.

Март туысымен күннің райы қайтып, жыли бастады. Қойды далаға шығаруға мүмкіндік туды. Бірақ отар қалың қардан ұзап шыға алмады. Марттың аяқ кезінде қой төлдеп, нағыз қарбалас шақ келіп жетті. Қыстан жүдеу шыққан қойдың төлдеп болуы да оңайға түскен жоқ. Төл алудың соңында елу үш саулықтың қысыр қалғаны анықталды. Бәрін қосып есептегенде әрбір жүз саулыққа 134 қозыдан алынды. Әр қойдан 3,5 килограмнан жүн қырықты. Сөйтіп, Айтмұқан



алғашқы жылы совхоз бойынша қозы алу мен жүн өндіруден екінші орынға ие болды.

Алғашқы жылдың ащы сабағы Айтмұқан есінен жаз бойы шыққан жоқ. Оны бәрінен бұрын ойлантқан елу үш қойдың қысыр қалғаны еді. Зоотехникпен кездесіп, себебін сұрағанда олар күйектен дұрыс өтпеген дегеннен басқа ешнәрсе айтпады. Қойдың қысыр қалмауының бірінші шарты саулық пен қошқардың күйекке қоңды түсуі екенін жақсы білетін Айтмұқан отарын жаз бойы күндіз-түні бірдей жайып, тез оңалтты. Қойды қолдан ұрықтандыру жайында жазылған кітапшалар мен озат тәжірибелерді оқыды. Бірақ, совхозда әлі күнге дейін қолдан ұрықтандыру әдісінің дұрыс қолданылмай келе жатқанын білді. Сөйтсе де ол совхоз басшыларынан өз отарын қолдан ұрықтандырығысы келетінін айтып, жәрдем сұрады. Алайда басшылар ол үшін арнаулы пункт салынуы және бірнеше техник-осеменатор керектігін, ал мұның бәрін істеуге қазір мүмкіндік жоқ екендігін айтты.

Бұл әңгімені Айтмұқан әке-шешесіне хабарлады.

— Мына кітап, газет, журналдарда, — деді ол, — қойды қолдан ұрықтандыру жайындағы озат тәжірибелер жазылған. Сол әдісті қолдану арқылы көптеген шопандар ең азы жүзіне 150-ден қозы алыпты. Ал біздің совхозда бұл әдіс қолданылмай келеді.

— Қолдануға болмайтын шығар. Әйтпесе қозының көп алынғанын кім жек көреді дейсің, — деді Жантелі ақсақал.

— Жек көрмейді, бірақ соның кейбір жұмысын қиынсынатын сияқты, — деді Айтмұқан.

— Ол қандай жұмыс? — деп сұрады қарт.

— Оған ең алдымен шағын және бір кең бөлмелі жылы пункт салу керек. Бірнеше арнаулы қошқар бағу қажет. Одан соң ұрықтандырушы адам керек.

— Әр отар сайын ба? — деп сұрады әке.

— Жоқ, әке. Бес-алты отарға бір пункт болса да жетер еді, — деді Айтмұқан.

— Онда балам былай келісейік, — деді Жантелі қарт, — биыл оны қолдануға кеш қалдық. Сол пунктті келесі жазда өзіміздің отарға лайықтап мен салып берейін. Оған дейін қалай ұрықтандыратынын сен үйреніп ал.



Айтмұқан әкесіне риза болғаны сонша оны қаусыра құшақтап сүйіп алды.

Әкелі-балалы шопан қойды күйектен өткізу жұмысын сағат сайын қадағалады. Қашпады деген саулықты күйекке қайта түсірді. Биыл өткен жылғыдай қыс та қатты болған жоқ. Отар жиырма күндей ғана қорада ұсталды да басқа уақытта жайылымға шығарылды. Ішінара қойда кездескен қотыр, тұяқ ауруларын Айтмұқанның өзі-ақ дәрілеп жазды. Жемді сапасына қарап зоотехникалық ережеге сай нормалап беруді іске асырды. Төл алуға әзірлік те ерте басталды. Март айының аяғынан бастап алғашқы төлдер көрінді. Ең соңындағы есеп бойынша әр жүз саулықтан 136-дан қозы алынды. 19 қой қысыр қалған болып шықты. Екінші жылғы еңбек қорытындысында Айтмұқан совхозда бірінші, аудан бойынша үшінші орынға шықты. Бірақ, әке мен бала бұған да қанағат еткен жоқ.

Айтмұқандар төл алып болысымен Тереңқұдық жайылымына көшті. Олар келгенде жайылым оты жылдағыдан да жақсарып, түлеп тұрған кезі еді. Келісімен қойды өргізіп жіберді де алты қанат үйдің керегесін жайып, шаңырағын көтерді. Онан соң уықтарын қадап, туырлығын жапты. Сыртта жүрген Жантелі ақсақал қолын көзіне қалқалап алысқа қарады.

— Айтмұқан, анау жүргендер мал ма, әлде менің көзім бе бұлдырап тұрған?

— Ылғи іріқара ғой деймін әке. Қонған малшы ма екен біліп келсеңіз қайтеді.

— Бұл жер бізге бөлінген емес пе, кім қонушы еді. Жантелі қарт атына мінді.

Ол жақындай келе табын маңынан киіз үйді көріп, соған бұрылды. Үйден жиырма жастар шамасындағы бойжеткен шықты.

— Кім боласыңдар?

— Сиыршымыз, — деді қыз.

— Бақташысы қайда?

— Қазір жоқ.

— Өзің не істейсің?

— Сауыншымын.

— Бұл араға қондырған кім?

— Совхоз басшылары.

— Шырағым былай келісейік — деді Жәкең ер үстінен еңкейе сөйлеп, — басқа адамдарың келген соң



бұл маңнан көшетінін айтарсың, өйткені бұл жайлау біздің отардың өрісі.

Қарт сауыншы қызбен арада болған әңгімені Айтмұқанға айтып келді. Ертеңіне Айтмұқан қойын сиыршы ауылына қарай өргізді. Отарды ол тұстан асырып жіберді де үйге бұрылды. Ол келгенде үй ішінде сөйлеген екі-үш әйелдің даусы естілді де бойжеткен қыз сыртқа шықты. Айтмұқан онымен сәлемдесті.

— Қарындас сусын ішуге болар ма екен?

— Ондай ойыңыз болса үйге кіріңіз,— деді бойжеткен.

Айтмұқан шөлдеп те тұрған жоқ еді. Амалсыз аттан түсіп, үйге кірді де сәлемдесіп шеттеу тұрған орындыққа отырды.

— Шырағым қай баласың, жөніңді айта отыр. Кеше бір шал келіп, біздің Мәрзияға көшуге дайындалыңдар деп кетіпті. Сондай шаруамен келген жоқпысың?— деді екі әйелдің бірі.

— Жоқ, шеше,— дей бергенде бойжеткен кесе толы айранды Айтмұқанға ұсына берді.

Жігіт айранды асықпай ішіп, кеше әкесінің көргені осы қыз болғанын және оның аты Мәрзия екенін білді. Әкесі жаман атаған жоқ еді, шынында да бойы тіп-тік, ажарсыз да емес, жап-жақсы қыз екен деп ойлады ол. Осы оймен отырғанда әлгі әйел:

— Мәрзия, мына жігітті танушы ма едің?— деп сұрады қызынан.

— Жоқ, апа. Танымайтын адамға сусын бермеуші ме едік,— деді қыз жымия сөйлеп.

Айтмұқан күліп жібере жаздап өзін әрең ұстап қалды.

— Сұрап жатқаным ғой әшейін,— деп әйел ыңғайсызданып қалды да Айтмұқанға бұрылды.

— Сонымен қай бала болдың шырағым?

Айтмұқан әкесінің атын айтып, өзін таныстырды да рахмет, деп шығып кетті.

Ол ат үстінде отыр. Екі көзі алдындағы қойда, ойы Мәрзияда келеді. Қыздың екі рет қана айтқан сөзі ойында жатталып қалыпты. Екеуі де орнымен сөйленген, артығы жоқ сөздер. Біріншісімен өзін үйге кіргізсе, екіншісімен өзіне ретсіз сұрақ қойған шешесін ұялтып тастады. Айтмұқан күні бойы осыны ойлап, көз алдына Мәрзияның бейнесін елестетумен болды.



Енді оны күнде көріп тұруды, мүмкін болса сөйлесіп, сырласуды мақсат етті.

Ол отарды ауылға қарай беттете жайды. Үйге келісімен әкесі:

— Балам, ана сиыршылар өздігінен көшетін бе, жоқ, мен совхоз басшыларымен сөйлесіп келейін бе? — деді.

Жәкең ақсақал бұл сөзді айтқанда Айтмұқан бір нәрседен шошып кеткендей ыңғайсызданып қалды да:

— Әке, оларды мазалап қайтесіз. Көп мал емес көрінеді, отыра берсін, — деді.

— Жерді жейді дейміз ғой, әйтпесе көршінің зияны бола ма, — деді қарт.

Айтмұқан мұнан кейін әңгімеге араласпай іргеге қарай қисая кетті. Әке мен шеше бір нәрсені сезгендей біріне-бірі қарап үнсіз отырып, шайын іше берді. Ертеңіне әке мен бала ақылдасты да қой ұрықтандыруды осы жерде өткізуді ұйғарды. Жантелі ақсақал уәдесі бойынша пункт салуға кірісті. Ал Айтмұқан болса сусынды сылтау етіп, қыз үйіне жиі баратынды шығарды. Бір күні қыз шешесі:

— Шырағым, осы үйде сауынға беріп қойған сиырың бардай жиі келетін болдың ғой, — деп қалды.

Шешесі бұл сөзді айтқан кезде Мәрзия үйден шығып кетті.

— Ерсі болып бара жатса келмей-ақ қояйын, апа, — деді Айтмұқан.

— Әншейін айтып жатқаным ғой, келе бер, сусын молшылық, — деді әйел.

Қой қырқу басталғалы Айтмұқан бір апта бойы қыз ауылына бара алмады. Бұл жазда ол әр қойдан 3,6 килограмнан жүн қырықты. Сөйтіп, жүн өндіруден де озат атанды. Жұмысты бітірген күннің ертеңіне Айтмұқан қыз үйіне келді. Мәрзия жалғыз отыр екен.

— Көптен көрінбей кеттіңіз, шөлдемейтін болғансыз ба? — деді Мәрзия сәлемдескен соң.

Қыздан мұндай сөзді күтпеген жігіт бір сәтке абыржып қалды да:

— Қой қырқып, өріске шықпағаным біраз болды, — дей салды.

— Үйіңіздің маңынан қой шықпаса өзіңіз де шықпайды екенсіз ғой, — деп күлді Мәрзия.



Бұл сөзді естігенде Айтмұқан тіпті ыңғайсызданып қалды.

— Жоқ, олай емес, уақыт болмады. Сіз жақын адамша кісіні ұялта сөйлейді екенсіз,— деді Айтмұқан.

— Күнде келіп жүргесін қайдан білейін, бір жақындықты ойлап жүрген шығар деп едім,— деді Мәрзия.

— Сіз тауып айттыңыз, Мәрзия. Сол жақындықты ойлаумен жүр едім,— деп жігіт қыз сөзіне жабыса түсті.

— Ол қандай жақындық? — деді қыз тағы да.

Қыздың неде болса анығын біліп, қандай сөз болса да жігіт аузынан естиін деген ыңғайы бар. Оны сезген Айтмұқан:

— Сіз алғашқы көргеннен маған өте ұнадыңыз. Өзіңізді күнде көргім келеді де тұрады. Қарсы болмасаңыз қосылып, өмірлік жолдас болсақ деген ойым бар еді, не айтасыз бұған? — деп тоқтады.

Қыз үндемеді. Төмен қарап кестесін тіккен бойы отыра берді.

Айтмұқанның дүрс-дүрс соғып тұрған таза жүрегі орнынан еріксіз тұрғызды. Ол қызға жақындай келіп, қолынан ұстады да өзіне тартты, оның биязы қарсылығын елемей сүйіп-сүйіп алды да үйден шыға жөнелді.

Осы күннен бастап ол өте көңілді жүрді. Кешке қарай үйден шықпайтын Айтмұқан түннің бір аз уақытына дейін де келмейтінді әдет етті. Баласының мінез-құлқында бір өзгеріс болғанын байқаған әке мен шеше одан қалай сыр тартайын десе де ретін таппады. Бір күні Жантелі ақсақал сырттан келді де әйеліне:

— Сүйінші, кемпір, жуықта келінді болатын шығарсың,— деді.

— Оны қайдан білдің?

— Айтмұқанның анадағы мен көрген сауыншы қыздың үйіне бірнеше рет барғанын байқадым.

— Оларды көшпей-ақ осы жерде отыра берсін дегенінде бір мән бар екен-ау, жаңа түсіндім,— деді ана шалына қарап.

Осы әңгімеден соң Оңдасын қария үйде шыдап отыра алмады, қалайда қызды өз көзімен көру үшін



Мәрзияның үйіне келді. Мәрзия мен шешесі үйінде еді. Сәлемнен соң, Мәрзияның анасы:

— Бұйымтайыңызды айта отырыңыз замандас,— деді.

Үйге кірісімен тезірек көріп алайын дегендей Мәрзияға әлсін-әлі көз тастап отырған Оңдасын ана мына сөзден кейін серпіліп кеткендей бойын жинап ала қойды.

— Ауылдас болғанымызға үш-төрт айдың жүзі болған екен, шаруадан қол тимей ме қатынаса алмадық. Біздің бала осында түсте келіп, сусын ішіп тұратын көрінеді. Соған рахмет айта келіп едім,— деді.

«Біздің бала», «сусын» деген сөздерді естіген кезде үй иелері «сол жігіттің шешесі екенсің ғой» дегендей Оңдасынға бір қарап алды. Мәрзия бір жайды сезгендей сыртқа шығып кетті. Оңдасын қызды көріп, көңілі жай тапқан соң үй иесінің «отырып тамақтаныңыз» дегеніне де қарамастан, шалының іздеп қалатынын сылтау етіп, үйіне қайтты. Ол Жәкең ақсақалға қызды өзінің де ұнатқанын қуана хабарлады. Кешке екеуі Айтмұқанды «келін алып бер» деп ортаға алуға сөз байласты.

Айтмұқан қойдан келіп, демалуға қисайды. Оның ойы да толқулы еді. Мәрзиямен қосылатын күнді асыға күтумен жүр. Бірақ, әке мен шеше оның үйленуі жайында жұмған аузын ашар емес. Өзі бастап айтуға ұялады, әрі ыңғайсыз. Оның ойына армиядан келген жылы әкесінің шешесіне айтқан сөзі түсті: «Бір-екі айдан соң шешең келін әпер деп басыңды қатырады» деген еді. Қатырғаны қайда? Одан бері екі жыл өтті. Әлі әңгіме етер емес. Осы оймен жатқанда ол әкесінің «тұр Айтмұқан, шай іш» деген сөзін естіп, дастархан басына келді. Ол келіп отырысымен анасы:

— Осы, шай қайнатып, кір жуған бейнеттен қашан құтылар екенмін. Жұрттың қаршадай баласы әйел алып, әке-шешесінің қолын ұзартып жатыр. Мына балаңа бірнәрсе десеңші,— деді шалына қарап.

— Шешең дұрыс айтып отыр балам,— деді Жантелі ақсақал,— үйленетін уақытың болды. Көңіліңде жүргені болса оны айт, болмаса біз іздейік.

Айтмұқанның күткені де осы еді.

— Жақсы, әке, олай болса тойға дайындала беріңдер,— деді де сыртқа шықты.



Үйдегілер «кімді әкелесің» деп сұраған жоқ. Өйткені, бұлар болашақ келіні өздері ұнатқан Мәрзия екенін біліп отыр еді.

Август айы. Күн ыстық. Тереңқұдық бойындағы өзгеден оқшау қонған киіз үйдің жанына ылғи ерттеулі ат, машина мен мотоциклдер жиналып қалған. Топ-топ болып әңгімелескен адамдар да көп. Жақындай түссең сыңқылдаған күй мен сызыла шыққан әнді естисің де бұл үйде той болып жатқанын бірден аңғарасың. Бұл өзімізге таныс Мәрзия мен Айтмұқанның үйлену тойы еді.

— Біздің Айтмұқан,— деді ән мен күй арасында шопан Жұмағазы Битеміров,— жаңалықтың бәрін биыл бастайтын болды. Әуелі өзі үйленді, күзде совхоз бойынша алғашқы рет қойды қолдан ұрықтандыруды бастамақ.

— Жастардың бәрі осындай талапты болуы керек. Қойды қолдан ұрықтандырса Айтмұқанның тек аудан емес, облыс бойынша озат болатыны сөзсіз,— деді бақташы Н. Батықов.

Тойға жиналғандар кешке қарай Жантелі ақсақалмен Оңдасын қарияға:

— Тойларың тойға ұлассын!

— Ендігі тойға немерелі болғанда келейік!

— Көп, көп рахмет!— деп тарқасты.

Олардың орнын жастар басты. Бұлар келісімен шырқала шыққан ән мен күмбірлеген күй дауысы таң атқанша басылмай, сонау Ойыл бойындағы ауылға естіліп тұрды.

Келін түсіріп, көңілі жай болған Жантелі ақсақалмен Оңдасын қария қой ұрықтандыратын пункт салуға алаңсыз кірісті. Ол жұмысқа қолы бос кезінде Мәрзия мен Айтмұқан да көмектесті. Айтмұқан қойды қолдан ұрықтандыру жөніндегі озат шаруашылықтарда өткізілген семинарға екі рет қатысты. Ұрықтандыру әдісін, құрал-саймандарды қалай қолдану қажеттігі мен қошқар ұрығын алу, сақтау ерекшелігін толық үйреніп алғандай болды. Күз түсті. Суық басталмай 600 саулықты ноябрьге дейін ұрықтандырып болуды ұйғарған шопан бұл жұмысты октябрьдің орта шенінен бастады. Оған совхоз мамандары да көмектесті. Алғашқыда күніне 40 қойды қолдан ұрықтандыру оңайға түскен жоқ. Келе-келе қол үйреніп, жұмыс жеңілдеген сияқ-



танды. Жұмыс үшінші ноябрьде аяқталды. Мұнан соң Айтмұқан қойын жиырма күндей тың жайылымға жайды да қысқы қоныс — Ойға көшті.

Қонысқа келісімен Айтмұқан жайылым картасын жасады. Қорадағы шөпті есептеп қойға норма белгіледі. Құнарлы жемді төл алу кезінде пайдалануды ұйғарды. Шопан отарынан жақсы нәтиже күткен тек оның семьясы емес, бүкіл совхоз жұртшылығы болды. Оған күмәндана қараушылар да кездесті. Осы жайды жақсы түсінген шопан семьясы қыс бойы отарды ойдағыдай бағып-күтті. Қора ішінен жылы бөлмелер жасалды. Ешкімге ашып айтпағанмен Айтмұқан жүзінен 150 қозы алуды ойлады.

Күткен күн де келіп жетті. Марттың ортасы ауысымен қой төлді төге бастады. Екеуден, тіпті, үшеуден қоздап жатқандары да бар. Жантелі қарттан бастап Мәрзияға дейін бел шешпей еңбек етті. Олар жас қозыны жалықпай күтті, он-оннан аяқтандырып, енелеріне қосумен болды. Бұл отардағы төл алу барысынан өндіріс басқармасының басшылары да хабарсыз болған жоқ. Апрельдің алғашқы жартысында отар түгелдей төлдеп болды. Әр жүз саулықтан 143-тен қозы алынды. Соның нәтижесінде Айтмұқан Жантелин төл алудан облыс бойынша екінші орынға ие болды. Әр қойдан 3,7 килограмнан жүн қырықты. Оның есімі бүкіл Ақтөбе облысына белгілі болып, жұртшылық құрметіне бөленді. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды, шопандардың республикалық слетіне қатысты.

Айтмұқан 143 қозыны аз деп азсынған да, көп деп көпсінген де жоқ. Бірақ алдағы жылы мұнан да жоғары көрсеткішке жетуді ойлады. Ол осы бастан қойдың түгелдей жоғары қондылықта болуы үшін күресті. Отарды ыстық күндері демалтып, түнде жаятын болды. Қойды Қуырдақты өзеніне жиі тоғытып отырды.

Ол бүгін отарды ауылдан күн ұясына кірер алдында өріске алып шықты да өзенге қарай бұрды. Өзенге жеткенше қараңғы түсті. Маса, шыбыны аз өзен бойын жағалай жайып келеді, кенет алдыңғы жақтан дүркірей қашқан бір отар қойдың дүбірі мен қиқулаған шопан даусы естілді. Одан үріккен Айтмұқанның отары да өзенге қарай бұрыла қашты. Әні, міні дегенше екі отар бірімен бірі араласты да кетті. Екі шопан жа-



ғалай шауып, отарды әрең тоқтатты. Бөгде отар иесі Барқын Қозыбақов екен. Екеуі бірін бірі айыптап, біраз айқайласты. Түнде сол жерге түнеп, тәңертең өз қойларын танып, бөлісуге кірісті.

Жүні жаңада ғана қырқылған тақыр тері қойларды айыра тану Айтмұқанға қиынға түсті. Бөліп шығарғандары қайта қосылып, әбден шаршатты. Қозыбақов қойдың қосылып кеткеніне ренжіп жүрген жоқ. Ал Айтмұқан болса әр қойының өзінде қалуы үшін бар күшін салды. Түске дейін әуреленіп, 714 қойын түгелдеді. Айтмұқан бола бергенде Қозыбақов:

— Қойыңды осы тұрғанда танып, түгендеп ал, кейін қой алмастырылмайды,— деп ескертті.

Өріске шығып, асықпай аралағанда ол бұрын өзінің отарында жоқ ондаған қойдың бар екенін анықтады. Кейбіреулері ірі сүйекті болғанмен тұсақ екен де басқа біреулері ерте қырқылғандықтан жүні қауқиған, бірақ, өте арықтығы білінді. Ол қатты өкінді. Бірақ бұл қателігін семьясына сездіргісі келмей ауылға қараңғы түскесін қайтуды ұйғарды. Түн кезінде басқа қойдың қосылып кеткенін байқамас деп ойлады ол. Бірақ Айтмұқан ойлағандай болмады. Ол жүрген жерге түс ауа әкесі келді.

— Балам шаршадың ғой, үйге қайт, мен жаяйын деді әкесі. Айтмұқан оған қарсылық білдірудің амалын таба алмай үйге қарай бет алды. Ол отардан ұзай бергенде әкесінің айқайлаған дауысын есітіп, кейін бұрылды.

— Қойыңның үштен біріндейі басқа ғой балам-ау, кімге араластырып алдың,— деді Жантелі ақсақал ренжи сөйлеп.

Айтмұқан болған оқиғаны айтты.

— Ойбай-ау, маған неге хабарламадың, көзінен танитын едім ғой бәрін,— деп ашуланды шал.— Қазір басқасын іріктейміз де өзіміздің қойды алып келеміз.

— Жоқ, әке, қой айырарда енді қайтып бір-бірімізге бармауға келіскенбіз,— деді Айтмұқан.

— Не сөйлеп тұрсың өзің, қосылған қойдың көбісі биыл күйекке түсуге жарамайтын тұсақ және арық қойлар ғой,— деді шал тағы да ашулы сөйлеп.

— Мейлі әке, не болса да кезінде көреміз,— деді Айтмұқан.

— Мен кезі емес, қазір-ақ көріп тұрмын оны. Бұл



отардан келесі жылы 150 емес, 130 қозыдан да ала алмайсың, — деді қарт нықтай сөйлеп.

— Қазір барып айырып алғанмен, — деді Айтмұқан, — Барқынның қойының ылғи жақсысын таңдап алып кетіпті деген әңгіме тарайды, не болса да талабымыздан көрерміз.

Қарт «қап» деп бүктеулі қамшымен санын бір соқты да отарға қарай бұрылды. Ал, Айтмұқан болса қой айырар кезде әкесін шақырмай ең үлкен қатені сол жерде жібергені үшін өзіне өзі күйініп, іштей өкінумен болды. Бірақ қосылған қойларды ерекше күтіп, не болса да күйекке түсіруден басқа амалы қалмады.

Келесі айда Мәрзия босанып, дүниеге жас сәби келді. Оның атын атасы Қажымұқан қойды. Осы бір қуаныш әке мен баланың бір айдан бері ойында жүрген ренішін ыдыратып жібергендей болып еді.

Қой ұрықтандыруды Айтмұқан биыл да октябрьдің орта шенінен бастап, ноябрь мейрамының қарсаңында аяқтады. Ұрықтандыруды былтырғыдан да сапалы жүргізген Айтмұқан отарды қыс бойы баптап, төл алу науқанын асыға күтті. Ол күн де келді. Қой жаппай төлдеп, қорытындысы да шықты. Төлдеген қойларды есептегенде әр жүз саулыққа 159 қозы алынды. Не пайда, сырттан қосылған қойдан 76 тұсақ төлдемеді. Бәрін қосқанда жүзіне 138 қозыдан келді. Совхоз осы соңғы цифрды есепке алды.

— Жазы, қысы жұмсалған еңбектің жемісін теруге азғана уақыт қалды, — дейді Айтмұқан, — оған дайын отырмыз. Екі қойдан үш қозы алу ойым бар. Ол орындалар да деп сенемін.

Шопан сенімі мықты. Еңбек Қызыл Туы орденді шопанның әрдайым сөзінде тұратыны анық.



## ӘБДІРАХМАНОВТАР ӘУЛЕТІ

Жайдары алтын Күн, өзінің жарқыраған жарық сәулесін жер бетіне аямай төгеді. Сол сәуледен қуат алған қарағай мен аққайың, шырша мен бәйтерек жамырай бойлап өсуде. Көгершін қалықтап ұшып, қараторғай сонау ағаш басында құбылтып ән салады. Бәріне құмарта қарайсың, бәрін де қызыға тыңдайсың. Аттаған сайын көңілің серги береді, ілгерілей жүре бересің. Көшелер бойы ағылған адам. Көз жүгіртіп танысыңды іздейсің. Жақсы көретін жолдасыңмен жолыққың, әңгімелескің келеді. Омырауына Ленин орденін таққан, аяғын асықпай басып, аяңдап келе жатқан мынау бір зор тұлғалы, қара кісі кім болды екен? Жақындай бере мен ол кісіні бірден тани кеттім. Бұл — темір жолшы Мәдірай Әбдірахманов ағай! Онымен қуана қол алыстым.

— Демалуға келіп едім, — дейді Мәкең, сәлемдесіп болған соң. — Қаланы аралап, қызықтап жүрмін. Қалай өзгеріп барады! Жыл асқан сайын құлпырып, жайнап келеді ғой. Адам еңбегінің құдіреті-ай шіркін! Тауды да, тасты да, қаланы да, даланы да гүлдентіп жіберді ғой бұл күнде!

— Ал ездеріңіздің шойын жолдарыңыздың бойында не жаңалық бар?

— Ол да күн санап жақсарып барады. Жаңа адам, жаңа техника. Осы екі күш қосылған сайын біздің ауыл да барған сайын, бұрынғыдан құлпырып, өзгеріп келеді. Соның арқасында жол бойындағы еңбек те қызу, жоспар да артық.



— Әбдірахмановтар әулеті қалай? — дейміз күліп тағы да.

— Ие, бір қалыпта кім тұрады осы күнде, өніп, өсіп жолға шығып жатыр ғой шетінен...

Көше бойы толы адам. Әбекеңнің мінезі қызық. Маңғаздана сөйлейді, әр сөзін байыппен айтып, қорғасынша құйып тастайды. Осы кісімен ойда жоқта танысып, сырласқан едік. Сол күнді еске алғанда, сондағы әңгімелер ойға оралады...

...Түс ауған кез. Қазалы станциясынан поезға отырған мұртты қара мен кәрі әже біздің күпеден орын алды. Жүздері қуанышқа толы, әлденеге асығып келе жатқандары бірден-ақ сезіледі. Поезд қозғала бергенде әлгі қарт ана қасындағы мұрттыға бұрылды.

— Мәдірей-ау, өзің мұнда жүрсің, басқа балалар түгел шақырылып па еді?

— Қалидың үйлену тойын ұйымдастырып жүрген солар ғой, апа. Өзім бармасам, сізді келмей қояр деп, үйден әдейілеп шығып едім.

— Мені соншама қашыққа сүйреп, жылы орнымнан қозғамай-ақ қойсаңдар да риза едім ғой, көндіңдер ме оған түге!

— Несі қашық апа-ау. Бір сағатта-ақ жетіп барамыз. Поезды баяғы Әбдірай екеуің мінгесіп қашатын торы құнан деп отырмысың, — деп жымия күлген Мәкең енді көршілеріне бұрылған еді.

— Ау, мінгесіп қашқаны қалай? Қай жылы, кімнен қашып жүр?

...Сол бір дәуірде атадан балаға мұра болған жалшылық деген кесапаттың қамыты Әбдірахманның мойнына да ілінген. Еті тірілеу жігіт, әйтеуір бай есігінде жалшылықта жүрсе де, ретін тауып, ерте үйленген. Тұңғышы Айшагүл болып, одан соң алты ұл дүниеге келген. Арқа еті арша, борбай еті борша болған Әбдірахман бай малының соңында қыста аязға үсіп, жазда ыстыққа күйіп, балаларының қолын өз ауыздарына жаңа-жаңа жеткізе бастап еді. Бір күні үйіне қасында екі жуан қарын ақсақалы бар Сексенбай келді. Шай үстінде дастарханға тыжырына қараған Сексенбай тәкаппарлана сөз бастады.

— Әй келін, — дейді ол Әбдірахманның әйеліне, — ана қоржынды аш та дастарханыңа төк, ие бол бәріне, ұялма, ала бер.



Ойпыр-ай, өзі құралпас адам болмаса үйінің ала жібінен аттатып, сусын татырмайтын мына Сексенбай қапелімде қайдан мырза болып қалды. Тегін болса еді мұнысы! Осындай ойлар шырмаған ерлі-зайыптылар орнынан қозғалмады.

— Әй, Әбдірахман не айтып отырмын мен, ашсаңшы ана қоржынды, төксеңші дастарханыңа!— деді Сексенбай тағыда.

— Рахмет баеке, біреудің қоржынын ашып қонақ сыйлайтын әдетіміз жоқ еді, барына риза болыңыз.

— Әй, біреуің қалай сенің! Атаң басқа болмаса, аралас-құралас болып кеткен ауыл емеспіз бе? Мен бүгін құда, мына Сайыпбай күйеу болып келіп отыр үйіңе. Ана қоржын соның жоралғысы, әкелген шайпұлы тағы бар. Сайыпбай, сал манағыңды дастарханға!

Әбдірахман әйелі екеуі Сайыпбайға қарап денелері түршігіп кетті.

— Шын айтып отырсыз ба баеке, мененде үлкен кісі ғой бұл, ал Айшагүл болса он алтыға жаңа шықты емес пе!

— Қартсынбай-ақ қой, бір әйелге ие болуға шамасы келеді мұның әлі!

— Ойласалық баеке!

Қарсы айтуға күш қайда! Бүгінгі әңгіме осымен тынды. Құда-күйеу ақырғы сөз үшін ертең оралатын болды. Не істеу керек? Бұлар келіспесе де күштілердің тартып әкететіні ап-айқын. Жауқазындай құлпырған жалғыз қызын шалға беріп, тірідей солдырмақ па! Жоқ болмас ол! Неде болса көрер тағдырдан! Әбдірахман түн қараңғысы түсе берген кезде жалғыз торы құнанын ерттеп, оған Айшагүл мен Әбдірайды мінгестірді.

— Түнімен тура жүре берсеңдер теміржолға жетесің. Аанада үйге келген Николай деген сақалды қара орысты танысыңдар ғой, соны тауып алып, тіл білетін біреу арқылы бар жайды айтыңдар. Екі-үш күнде өзім де барамын! Жолдарың болсын!

Жолаушылар қараңғы түнге сүңги берді. Торы құнан бүкеңдеп келеді. Қараңғы, қатыгез тағдыр қайда алып барады бұларды?! Алда не күтіп тұр, ол да ешнәрсені аңғарып болмайтын қою тұмандай буылдыр еді. Айшагүлдің көзінен жас сорғалайды, інісіне сездірмей өксіп жылайды. Артта қалған әке-шеше мен



інілерін ертең не күтіп тұр екен?! Манағы аиуандар ойранды салмаса жарар еді-ау! Бірақ өйтетін несі өтіп кетіп еді олардың!.. Оған қарай ма, оны есептей ме сұмырайлар.

Түн қараңғысын жамылып, елден безген екі жастың сәби көңілін осындай ауыр ойлар мазалап бара жатты.

Қыздың қашып кеткенін естіген Сексенбай Әбдірахманның үйіне әңгір таяқ ойната келді.

— Жер менікі, су менікі! Құдайын ұмытқан қу кедей, құры ауылдан, әйтпесе өртеймін үйінді!

Құнажын сиыр көлік болды. Көрпе-төсегін тоқым етіп, қазан-ошағын соның арқасына теңдеді де ауылдан ұзай берді. Үйелмелі-сүйелмелі бес бала табандарына шөгір кіріп, жалаң аяқ келеді. Сиыр арқасындағы темір-терсек біріне бірі соғылып, көне қоңырауша даңғырлайды. Бейнебір «қош, ата мекен, қош!» деп келе жатқандай. Әбдірахман артына бұрылып жиі қарайды. Туған жердің топырағын қимайды. Бірақ амалы қайсы?! Әнәугі Николайдың айтқаны рас болса, айналып бір соғар, арам ниеттілерден аластап өзі қожа болар. Қош бола тұр, туған жер! Сиырлы көш ілбіп, ілгерілей берді.

Бұл 1916 жылдың жазы еді. Әбдірахман Байқожа станциясына келісімен теміржол жұмысшысы, танысы Николайды тауып алды. Балалары да сонда екен. Болған оқиғаны түгел айтты.

— Шешімің өте дұрыс болған, — деді Николай Петрович Мельников. — Анада-ақ жүр деп едім ғой. Ертеңнен бастап өзің, мына үлкендерің Әбдірай, Ыбрай үшеуің жұмысқа кір. Жалақы аз, жағдай қиын. Бірақ, шыдау керек. Жұмысшы мен шаруаға туар күн алыс емес, тек шыдап бағайық әзірге. Өзінің ескі досы Николай Мельниковтың арқасында баласының басына төнген бақытсыздықтан құтылып, көңілі жай тапқандай болды.

Сөйтіп, Әбдірахман жол мастері Николайдың көмегімен темір жол бойында жұмысқа орналасты. Бір жыл өткен соң патшаның тағынан құлағаны жайлы хабар бұрқ ете қалды. Бұрын қаналып келген осы станциядағы жұмысшылар да патшаның жергілікті жендеттеріне қарсы шықты. Олар большевиктер партиясының Қаза-лыдағы астыртын ұйымымен тығыз байланыс жасады.



Әбдірахман да екі ұлымен бірге осылардың қатарында болды. Қазалыда Совет өкіметі орнаған кезде Байқожа станциясының билігі де жұмысшылар қолына көшті. Сөйтіп, басқалармен қатар Әбдірахманның семьясы да еркін дем ала бастады. Күндер өте берді. Темір жол жұмысына Мәдірей мен Мұса, Садық пен Сыдық та келіп қосылды.

Әбдірахмановтар кейін арнаулы курстар мен мектептерде оқып, білім алды, түрлі мамандық меңгерді. Мастер, бригадир, стрелочник, жол қараушы, бақылаушы мамандықтарын үйреніп, қызмет атқарды. Ең үлкені Әбдірай болғандықтан ең алдымен тұрмыс құрып, бөлек отау тігу соның үлесіне тиді. Одан соң басқалары да үйленіп, бір тораптан тараған темір жол тәрізді тарау-тарау болып кете береді.

Еңбек белесінен асқан талай жылдар өтеді. 1951 жылдың жазында Әбдірахмановтар семьясында естен кетпес қуанышты оқиға болады.

...Клуб іші иін тірескен адам. Бәрінің көзі жиналыс президиумына қадалған. Облыстық советтің өкілі, орта бойлы, қара кісі отырған орнынан тұрып, трибунаға келді.

— Жиналыстың алдында, — деді ол, — СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указын оқуға рұқсат етіңіздер.

«Темір жол қатынасы жұмысына көп жылдар бойы еңбек сіңіргені және жолды жыл сайын аман сақтау жолында жұмсаған қажырлы еңбегі үшін: Әбдірахманов Әбдірай — Ленин орденімен, Әбдірахманов Ыбырай — Ленин орденімен, Әбдірахманов Мұса — Ленин орденімен, Әбдірахманов Мәдірай — Ленин орденімен, Әбдірахманов Садық — Еңбек Қызыл Туы орденімен, Әбдірахманов Сыдық — Еңбек Қызыл Туы орденімен, наградталсын».

Нақ осы кезде жаңғырыға соғылған жұмысшылар алақанының дауысынан клуб қабырғасы қақырап бара жатқандай сезіліп еді. Бұл қуанышты оқиғаны тек Әбдірахмановтар семьясы мен Байқожа станциясының тұрғындары емес, бүкіл Қазалы ауданының жұртшылығы атап өтті. Осыдан үш жылдан соң Садық та Ленин орденімен наградталып, Әбдірахмановтар семьясы Ленин орденді семья атанды...



— Қали деген балам келіншек әкелетін еді — деген еді купеде Мәкең, соның тойына Айшагүл әжелеріңді әкеле жатқаным. Бүгін күн сенбі. Себеппен таныс болдық, жүріп тойымызда болыңдар.

Біз бұл шақыруды қабыл алып поездан түскенбіз.

— Байқожамыз осы, — деді ол айналаны шола қарап, — Баяғыда біз осында көшіп келгенде жалғыз бөлмелі станция үйі мен жұмысшылардың жапырайған барағы тұратын. Қазір қараңызшы? Қала десеңіз ешкім таласпайды. Ал мынау біздің үй.

— Бұлардың бәрі бір әке, бір шешеден өрген ағайынды Әбдірахмановтар семьясы, — деді Мәкең сәлем-сауқаттан соң қатар отырған бес кісіні көрсетіп.

Олардың бірінен бірін ажырату қиын. Бәрі де қалың қабақты, қақпақ жауырынды, кесек тұлғалы, мұртты қара. Омырауларындағы Ленин ордені мен «Еңбек Қызыл Туы» ордендері Ильич шамының сәулесіне шағылыса жарқырайды. Бұл жарқыл ағайынды алтаудың нұрлы жүздеріне нұр шашып, олардың заман бақытына, қуаныш құшағына бөленіп отырғандығының нышаны сияқты.

Олардың ең үлкені Әбдірай оған тетелес Ыбырайдың қазіргі атқаратын қызметі жол бригадирлігі екен.

— Жасым жетпіске жуықтады, — дейді ол, — бірақ өз қолыңмен салып, өзің рақатын көрген жолды қия алмайды екенсің. Бір күн басында болмасам, жолдың бір жерінде ақау қалған сияқты көрінеді де тұрады.

— Ақау қалады демекші, сол бір жылы бұл әлкеде қыс қатты болды. Әуеден борап, жерден суырды. Міндетіміз — күн сайын екі разъезд аралығын тазартып, жолды дұрыс ұстау, поезды іркіліссіз жөнелту. Оған бар күшімізді салдық. Бірақ, үйінді қар жолдың бір шетін аршып жатсаң, екінші шетін басып жатады. Қарлы боранмен арпалысқанымызға айдан асты. Жолды жағалап келем. Күнде ертемен Жосалы жақтан жолаушы таситын поезд өтетін. Ол әлі жоқ. Уақыт өтіп барады. «Мұншама неге кешікті, әлде қардан жүре алмай келе ме екен» деп ойлаймын. Байқожадан шыққан дрезина кенет менің жаныма келіп тоқтай қалды. Онда жол мастері мен станция бастығы бар. Тегін жүріс емес екенін бірден сездім. Олар мені дрезинаға отырғызып алды.